



شىنجاڭ تىببىي ئۇنىۋېرسىتېتى
新疆医科大学
XinJiang Medical University

**6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша
философия докторы дәрежесін ізденуге ұсынылған
«Церебралды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру
көмегін ұйымдастыруды жетілдіру» тақырыбындағы Мақсат
Абдикадырдың диссертациялық жұмысы жөніндегі
ғылыми кеңесші медицина ғылымдарының докторы,
профессор Мұрат Қызайбектің**

ПІКІРІ

Осы салада маңызды тәжірибелік еңбек етуі Мақсат Абдикадырға қоғамдық денсаулық сақтаудың бүгінгі дамуындағы басым бағыттары бойынша ғылыми зерттеудің өзекті тақырыбын таңдауға негіз болды.

Олай деуге себеп, церебральді сал ауруы, Қазақстан Республикасы бойынша да балалар мүгедектік себептері құрылымында жетекші орынға ие. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, соңғы онжылдықта, балалар сал ауруы ұлғайған.

Мәселе бұл аурушылдықтың ерекше терапиясы жоктығымен күрделіленеді. Зерттеуші авторлар, әсіресе, науқасты өмір сүру барысында ұзақмерзімді әрі денсаулығын қолдайтын оңалту-қалпына келтіру көмегінің көлемі мен көрсетілу мүмкіндігі жеткіліксіз екендігін алға тартады.

Мүмкіндіктері шектеулі балалар, әркез, оңалту-реабилитациялық көмекке мұқтаж. Физикалық мүмкіндіктерімен қатар әлеуметтік бейімдеуді ескеретін интегративті кешенді көмек көрсетудің маңызы арта түспек. Реальді жағдайда, қалпына келтіру көмегін көрсететін мекемелер де, кәсіпқой мамандар да жетіспейді. Осы ретте, берілген ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбы мен ғылыми ізденіс бағытын таңдау қоғамдық денсаулық сақтау міндеттерін шешуге атсалысып, мәселенің өзектілігін айқындайды.

Абдикадыр Мақсат диссертациялық жұмысында церебралды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру мәселелерін зерттей отырып, өзекті де әлеуметтік маңызды әрі деркездік ғылыми-практикалық тұрғыда аса қызығушылық тудырады.

Ғылыми еңбектің мақсаты мен міндеттері зерттелетін мәселені логикалық түрде ашуға мүмкіндік беретіндей нақты әрі тақырыпқа сай қойылған.

Зерттеуде алынған нәтижелердің дұрыстығы айқын әрі зерттеу міндеттерін шешудің кешенді жүйесін, заманауи зерттеу әдістерін қолданумен, нәтижелердің статистикалық дәлдігі және репрезентативтілігімен негізделеді.

Зерттеу мақсатына жету үшін зерттеу бағдарламасы құрастырылып, міндетерді шешу үшін адаптивті әдістер мен әдістемелік аппарат таңдалған. Жүйелі әрекет етуді талап ететін арнайы құрастырылған және негізделген зерттеу бағдарламасы бірнеше ұйымдастыру кезеңдерінде іске асырылған. Әрбір кезеңнің орындалу барысында алынған нәтижелер бір-

бірімен логикалық түрде байланысқан және зерттеудің маңызды міндетін шешіп отырғанын көрсетеді.

Максат Абдикадырдың диссертациялық жұмысының нәтижесінде церебралды сал ауруымен ауыратын балаларға ұйымдастырылатын қалпына келтіру, оңалту-реабилитациялық көмектің ұйымдастырылуы, сапасы мен нәтижелілігі жөнінде жана мәліметтер алынып, осы көмек түрін қоғам сұранысына сәйкес жетілдіру, қалпына келтіру көмегін көрсетуде кешенді жүйесін қарастыру қажеттігі айқындалды.

Жұмыста церебралды сал ауруымен ауыратын балалардың медико-әлеуметтік жағдайы, оларды тәрбиелеуші отбасылар әлеуметтік-гигиеналық зерттеліп, денсаулығы шектеулі балаларға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдірудің басым бағыттары анықталды. Сонымен қатар зерттеу базасы ретінде таңдалған медициналық орталықта көрсетілетін қалпына келтіру көмегінің кешенді үлгісінің тиімділігі бағаланып талданды.

Ғылыми-зерттеу жұмысы, сөзсіз, ғылыми және тәжірибелік маңызымен ерекшелене отырып, денсаулығы әбден қорғалуы тиіс халық санаты – балалардың, оның ішінде церебралды сал ауруымен денсаулығы шектеулі балалардың өмір сүруін қолдайтын қалпына келтіру көмегін жетілдірумен байланысты өзекті мәселені шешуге бағытталған. М.Абдикадырдың жұмысы нәтижесінде церебралды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру бойынша жана шешімдер денсаулық сақтау тәжірибесіне айтарлық үлес қосуда.

М.Абдикадырдың диссертациясы ғылыми-тәжірибелік міндеттердің жаңа шешімін ұсына алатын толығымен аяқталған ғылыми-біліктілік жұмыс болып табылады.

Философия докторы дәрежесін ізденуге ұсынылған Абдикадыр Максаттың «Церебралды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылыми жаңалығы айқын, жоғары кәсіби деңгейде орындалған диссертациялық жұмыс деп танылып қорғауға ұсынылады, ал авторына болса, 6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша философия докторы дәрежесін тағайындауға лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,
Медицина ғылымдарының докторы,
профессор



Қызайбекұлы Мұрат

Пошталық мекен-жайы:

830011 Қытай қалық республикасы,
Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданы,
Жаңақала ықшам ауданы, Шиний жолы көшесі 393.
Тел/Факс: 0086 991 8045070 0086 18935778955
Эл.почта: murat_kizaybek@sina.com